

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына 8 қосымша  
31.10.2018 ж. Қаулы 703

Приложение 8  
к Правилам документирования, управления документацией и использования систем электронного документооборота в государственных и негосударственных организациях  
№ 703 от 31 октября 2018 года

Қазақстан Республикасының  
білім және ғылым Министрлігі  
Алматы қаласы білім Басқармасының  
«Туризм және қонақжайлық индустриясы  
колледжі»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорыны  
ХАТТАМА №1  
29 тамыз 2020 жыл  
Алматы қаласы  
Педагогикалық кеңестің отырысы

Министерство образования и науки  
Республики Казахстан  
Коммунальное государственное казенное  
предприятие  
«Колледж индустрии туризма и  
гостеприимства»  
Управления образования города Алматы  
ПРОТОКОЛ №1  
29 август 2020 года  
Город Алматы

Төрағасы – Н.Жабыкбаев  
Хатшы – А.Молдабекова  
Қатысқандар: 75 адам  
Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде

1. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. Жауапты колледж директоры
2. Колледждің политикасы мен миссиясын жаңарту, қабылдау. Жауапты директордың ғылыми әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
3. Колледждің инженерлі педагогикалық құрамының 2020-2021 оқу жылына арналған жалпы жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту. Жауапты директордың оқу әдістемелік ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары
4. Колледждің қабылдау комиссиясының жұмысы туралы есебі. –жауапты қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
5. 2020- 2021 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың мазмұнына талдау. Жауапты колледж әдіскері
6. Қашықтықтан оқытуға ақпараттық жүйе мен жабдықтау дайындығына талдау. Жауапты директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары.
7. Әртүрлі

## **ТЫҢДАЛДЫ:**

2015 жылы 18 қарашадағы қабылданған "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылдың 03 шілдесінде жаңартылды. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзге де қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:

- 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- 5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

1-1. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өзі құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер,

әскери полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

Білім алушылардың сыбайлас жемқорлық туралы түсініктерін арттыру үшін колледжде «Саналы ұрпақ» деп аталатын штаб жұмыс жасайды. Штабтың негізгі жұмыс мақсаты және жұмыс істеу принципі сыбайлас жемқорлық туралы мәліметтермен білім алушыларды таныстырып отыру, мемлекеттік орган қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру арқылы антикоррупциялық мәліметтер беру. Колледжіміздегі кез –келген педагогикалық қызметкер, білім алушы сыбайлас жемқорлық туралы түсінігі анық, жан –жақты болу керек. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықты болдырмау шараларын ұстану қажет, білім алушыларымызды осы жағдайда тәрбиелеу керек.

Колледждің қабылдау комиссиясының жұмысы туралы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы БАдыков Еркебулан Ермакович есеп берді.

2020-2021 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша негізгі орта білім базасында колледжге қабылдау жоспары бойынша барлығы 150 білім алушы; Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы аясында -75 білім алушыны қабылдау берілген болатын; Жоспар бойынша барлық орындарға білім алушылар қабылданды және ақылы келісім –шарт негізінде -156 білім алушы қабылданды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту» туралы 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы (16.07.2020 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту» туралы 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына және Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжіне білім алушыларды қабылдау Ережесіне сәйкес барлық құжаттар рәсімделіп оқу бөліміне тапсырылды.

**Келесі сұрақ бойынша** директордың ғылыми -әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары колледждің инженерлі педагогикалық құрамын колледждің 2020-2021 оқу жылына арналған жалпы жұмыс жоспарымен таныстырды. Жалпы бұл жоспар ұсыныстар мен өзгерістер үшін алдын ала колледж қызметкерлеріне арналған электронды почтаға жіберіліп, таныстырылған болатын.

Колледждің миссиясын, негізгі мақсатын, алға қойылған мәселені тағы да қайталап жалпы колледждің 2020-2021 жылға жоспарланған жұмыстарымен таныстырды. Жұмыс жоспарында: стратегиялық жоспарлауда, жедел басқару, кәсіби бағдар жұмысы, абитуриенттерді қабылдау, оқу жұмысы, оқу –тәрбие жұмысы,

кәсіптік оқыту, курстық жобаға дайындық, инновациялық және әдістемелік жұмыстар, әлеуметтік серіктестік және халықаралық ынтымақтастық, бітірушылердің жұмысқа орналасуы, оқу бөлімшелерін техникалық –ақпараттық басқару, қаржылық, материалды –техникалық жабдықтау және мемлекеттік сатып алулар, іс –қағаздарын және қызметкерлерді басқару, ақпараттық құрылым мен қауіпсіздікті басқару, бірінші медициналық көмек, кітапханалық қорды басқару жоспарланған. Жоспарда осы бөлімшелердің жұмыс істеу мерзімдері мен жауапты тұлғалар бекітілген.

### **САПА ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТ**

**Аталған Саясат колледж қызметінің барлық тұтынушылары үшін бағдар болуға арналған және колледждің сапа менеджмент жүйесінің негізін қалаушы құжат болып табылады.**

**Колледж миссиясы:** «Нарық талаптарына сай халықаралық стандарттар деңгейіндегі білікті мамандарды дайындау».

**Саясат мынаған бағдарланған:**

1. еңбек нарығының колледж түлектеріне деген ағымдық және болашақ талаптарын жоспарлы зерттеу және үнемі қанағаттандыру;
2. колледж қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындау;
3. «Мәңгілік Ел» Жалпы ұлттық патриоттық идеялардың, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салтының мәдениетін бекіту;
4. Техникалық және кәсіби білім беру жүйесіндегі жетекші білім беру мекемесінің имиджін сақтап қалу мақсатында сапа жөніндегі саясатты жүзеге асыруда колледждің жоғарғы басшылығының көшбасшылығы;
5. Колледжде инновациялық жағдай жасау арқылы үздіксіз өз бетінше білім алу негізінде инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің педагогикалық құзыреттілік дәрежесін үнемі жоғарылату;
6. колледж миссиясын жүзеге асыру үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларының – әкімшілік, педагогтар, өндірістік оқыту шеберлерінің, студенттер мен олардың ата-аналарының, сонымен қатар әлеуметтік серіктестер мен түлектердің күштері мен мүмкіндіктерін біріктіру;
7. барлық деңгейдегі білім беру сапасының бірінші мониторингтік жүйесін жасау;
8. қызмет пен ресурстарды басқарудағы процестік тәсілді қолдану, Сапа менеджмент жүйесі процестерін жетілдіру;
9. шаруашылық субъектілерімен өзара тиімді өзара әрекет ету негізінде материалдық-техникалық базаны үнемі жақсарту.

**Колледж басшылығы өзіне мынадай міндеттемелерді алады:**

1. сапа менеджмент жүйесінің негізінде білім беру қызметі мен процестерінің тиімді қызмет етуін ұйымдастыру;
2. басқарудың барлық деңгейлерінде сапа жөніндегі аталған Саясатты колледждің барлық қызметкерлеріне жеткізу, түсіндіру және тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ету.

**Саясат басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады және қажет болған жағдайда талдау жасалып, қайта қарала алады. Сонымен қатар, колледждің әр бір қызметкері өз жұмысының сапасы үшін өз құзыреттілігі шеңберінде жауапты болады.**

2020-2021 оқу жылына арналған  
КОЛЛЕДЖДІҢ САПА ЖӨНІНДЕГІ МАҚСАТТАРЫ

№№	ТЕҢДЕСТІРІЛГЕН КӨРСЕТКІШ	ӨЛШЕМІ	ЖАУАПТЫЛАР
1	2	3	4
1.	Worldskills халықаралық стандарттары мен кәсіби стандарттарға сәйкес білім беру бағдарламаларын жаңарту.	100%-ға	Директордың ҒОӘІ жөніндегі орынбасары
2.	Инновациялық жобаларды жүзеге асыру.	(3 жоба)	Директордың ОІ, ҒОӘІ, ОӨІ жөніндегі орынбасарлары
3.	Материалдық-техникалық және инновациялық жабдыктарды жаңарту.	(компьютерлік парккі 30% жаңарту)	Директордың АТ жөніндегі орынбасары
4.	Әлеуметтік серіктестікті дамыту.	40 әлеуметтік серіктес	Директордың ОӨІ жөніндегі орынбасары
5.	Студенттердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету.	83%	Директордың ОӨІ жөніндегі орынбасары
6.	Ұйым арқылы студенттердің әлеуметтік-қоғамдық белсенділігін және түрлі іс-шараларды өткізуді, соның ішінде волонтерлік қызметті дамыту.	30 іс-шара	Директордың ОТІ жөніндегі орынбасары
7.	Оқу процесінің сандық жүйесінің тиімділігін арттыру.	80%	Директордың ОІ, ҒОӘІ, АТ жөніндегі орынбасарлары.

Келесі сұрақ: 2020- 2021 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың мазмұнына колледж әдіскері Джебеекова Қымбат Токтаровна талдау жасады. Яғни 2020 жылдың шілде, тамыз айлары оқытушылар үшін әдеттегіден ерекше болды. Демек, қашықтықтан оқыту форматында дайындық қызу жүргізілді. Дайындық барысында оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері біліктіліктерін әр түрлі кәсіби курстар арқылы шыңдады.

«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамының оқу-тренингтік орталығында төменде көрсетілген курстар бойынша 100% оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері біліктілігін көтерді.

-Talar «Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру»

-Talar«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы қашықтықтан оқыту: контентін құрудан бастап оқу процесін ұйымдастыруға дейін»

-Talar«Педагогтердің ІТ-құзіреттіліктерін дамыту және жетілдіру»

Сонымен қатар басқа да курстар бойынша білімін жетілдірді. Яғни инженерлі педагогикалық құрам толық біліктілік курстарынан өтіп қашықтықтан білім беру форматына дайын.

Қашықтықтан оқытуға ақпараттық жүйе мен жабдықтау дайындығына талдау. Жауапты директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Мамырбеков Ерасыл Мархатович баяндама жасады. Дүние жүзі бойынша жарияланған пандемия салдары біздің елімізге де зиянын тигізді. Осы жағдайға байланысты қашықтықтан оқыту форматына көшуге мәжбүрміз.

-Колледждегі интернет жылдамдығы 100 мб/сек

-Bilim цифрлы платформасы

-Discord виртуалды колледжі

-Цифрлы платформаға 2,3,4 курс білім алушыларының мәліметтері толық салынды,

-1 курс білім алушыларының мәліметтері дайындық үстінде. Сонымен қатар инженерлі педагогикалық қызметкерлер мен білім алушылар платформаларды пайдалану ережелері туралы оқыту семинарларынан өтті. Колледждің материалды – техникалық базасы жеткілікті.

Жоғарыда көрсетілген шаралар нәтижесінде қашықтықтан оқытуға 100% дайынбыз.

Жабыкбаев Нурдаулет Жакыпбекович: «Жас маман» бағдарламасы бойынша колледждің материалды техникалық базасы компьютерлер мен ноутбук, планшетке толықты. Бұл техниканың барлығы білім алушылардың сапалы, тиімді білім алуына жұмсалуды қажет. Егер де көп балалы, жағдайы нашар отбасылардан өтініш келіп түскен жағдайда техникамен қамтамасыз ете аламыз.

Әр түрлі сұрақтарда қабылдау комиссиясының жұмыс нәтижесінде қабылданған білім алушыларды топқа бөлу, топ жетекшілерін тағайындау жұмыстары жасалды. Колледждегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында 2,3,4 курстарда ұйымдастырылатын «Білім күні» тақырыбына арналған сынып сағаттары видео конференция және тағы да басқа интернет ресурстарының көмегімен өткізіледі және 1 курс білім алушыларына сынып сағаты 1 және 2 қыркүйек күндері колледжде өткізіледі деп жоспарланып отыр. 1 курс білім алушыларына сынып сағатын өткізу барысында санитарлық талаптар қатаң сақталуы тиіс. Білім беру тапсырысы бойынша және ақылы келісім шарт негізінде оқуға түскен білім алушыларға топ жетекшілері тағайындалды. Топ жетекшілері қашықтықтан оқыту жүйесін жетік меңгерген, 1 жылдық тәжірибесі бар, колледждің ішкі тәртіп ережелерін жетік меңгерген қызметкерлер тағайындалды. Барлық мәліметтер колледж сайтында тәрбие жұмысы бөлімінде жүктелген. Білім күніне арналған сынып сағатының тақырыбы «Қазақстан Республикасының ата заңының 25 жылдығы».

Жабыкбаев Нурдаулет Жакыпбекович: Білім алушылардың патриоттық сезімін ояту мақсатында, еліміздің саналы азаматтарын тәрбиелеу мақсатында білім берудеміз. Оқу процесінің тағы да тиімді оқыту форматы бұл дуалды оқыту жүйесін дамыту

мақсатында білім алушылардың санын арттырдық. Дуалды оқыту жүйесі бойынша әлеуметтік серіктестердің саны артты, жұмыс жүйесі жалғасын табуда. Заман талабына сай жаңа форматта өмір сүруге дағдылануымыз керек.

Өртүрлі сұрақтарда бөлім меңгерушілері Азубаева Гулназ Ермухановна және Қайырханова Ақмарал Муратовна мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын топтардағы бос орындарға ақылы келісім –шарт негізінде оқитын топтардан білім алушыларды ауыстыру талаптары мен ережелері бойынша мәлімет берді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығымен бекітілген «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына» сәйкес ақылы келісім –шарт негізінде оқитын білім алушылар төмендегідей талаптар бойынша ауыстырылады:

Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесіне сәйкес білім алу процесінде босаған білім беру гранттарын беру арқылы жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу шығындарын толық өтейтін, ақылы негізде білім алушы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін бос орындарға мынадай тәртіппен ауысады:

1) білім алушы білім беру ұйымы басшысының атына әрі қарай мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы еркін нысанда өтініш береді;

2) білім беру ұйымының басшысы аталған өтінішті қарап, оны педагогикалық кеңестің қарауына шығарады және педагогикалық кеңес шешімінің негізінде білім алушыны әрі қарай мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы бұйрық шығарады. Осы талаптарға сай 58 ОПП-б тобына Қашқынбаева Әмина, 13 Т-б тобына Дуз-Оғлы Дурсун, 11 Т-б тобына Вольф Анита ұсынылып отыр.

### **СӨЗ АЛҒАНДАР:**


**Алматы қаласы білім басқармасы. Кәсіптік және техникалық білім беру бөлімінің басшысы Муханбетов Асет Гарифуллейович:** Құрметті әріптестер сіздерді жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Биыл Жас маман жобасы іске қосылды. Жаңа оқу жылында әр топ жектекшісі, өндірістік оқыту шеберлері әр білім алушымен жеке –жеке сөйлесіп, жағдайларын біліп, жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп, бақылауда ұстау керек. Егер қажет болған жағдайда білім алушыларды қажетті техникалармен қамтамасыз ету қажет. Егер интернет желісі жоқ, компьютер жоқ аймақтарда тұратын білім алушыларды қалалы аймаққа жатақханаларға орналастыру сұрақтарын шешу керек. Осыған орай колледж директоры толыққанды талдау жасау керек. Білім басқармасымен бірлесе отырып мемлекеттік колледждердің жатақханасына орналастырамыз. Биылғы оқу жылы қашықтықтан басталғандықтан дайындық өте жоғары деңгейде болу керек. Бұл туралы ақпарат алдым, қанағаттанарлық, жұмыстарыңызды осы деңгейде жалғастырыңыздар. Дүниежүзілік пандемия кезінде ең басты нәрсе сіздердің және сіздердің жақындарыңыздың денсаулығы. Қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында қашықтықтан оқыту

форматына көшуге мәжбүрміз. Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі қаламыздағы ең үздік колледждің бірі, ұстаздар білікті, жоғары деңгейлі профессионалдар.

### ШЕШІМІ:

1. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы назарға алынсын.
2. Колледждің қабылдау комиссиясының жұмысы туралы есебі назарға алынсын
3. Колледждің инженерлі педагогикалық құрамының 2020-2021 оқу жылына арналған жалпы жұмыс жоспары назарға алынсын
4. Колледждің жаңартылған политикасы мен миссиясы қабылдансын.
5. 2020- 2021 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың дайындығын назарға алу.
6. Индустриалды кеңес пен педагогикалық этика кеңесінің құрамы бекітілсін.
7. Коллективті келісім –шарт бекітілісін.
8. Қашықтықтан оқытуға ақпараттық жүйе мен жабдықтау дайындығына талдау жұмыстары назарға алынсын.
9. Vlm.kz платформасының жұмысына зерттеу жүргізу үшін оқу жылы бойында мониторинг жасау.

Төраға



Н.Жабыкбаев

(қолы)

Хатшы



А.Молдабекова

(қолы)